

- 2 Castells M. The rise of the network society, media in the digital age. Wiley-Blackwell, 2007. – 625 p.
- 3 Disney R., Emmerson C., Wakefield M. Pension Reform and saving in Britain // Oxford Review of Economic Policy. – 2001. – Vol. 17, issue 1. – pp. 70-94. DOI:10.1093/oxrep/17.1.70
- 4 Jackson W. Retirement policies and the life cycle: current trends and future prospects. – NY: University of York, York, 2009.
- 5 Foster L. Active aging, Pensions and Retirement in the UK // Journal of Population Aging. – 2017. – Vol. 11. – pp. 117-132. DOI: 10.1007/s12062-017-9181-7
- 6 Johnson P. The Economics of Pension Systems in the UK. Oxford University Press, 2013.
- 7 Ginn, J. Gender, Pension and the Lifecourse. – Policy Press and Bristol University Press, 2003. – 152 p.
- 8 Featherstone M., Wernick, A. Images of Ageing: Cultural Representations of Old Age in British Society. – SAGE Publications, 2003. DOI:10.4324/9780203397442
- 9 Fenton S-J., Draper, H. Cultural differences in ageing in the UK A significant knowledge gap. – Birmingham Policy Commission, 2014.
- 10 Stubbs M. Discourse Analysis: The Sociolinguistic Analysis of Natural Language. – Blackwell, 1996.
- 11 Lincoln L., Phelan S. Discourse theory and critical media politics // European Journal of Communication. – 2013. – Vol. 28. – 33 p.
- 12 Денисенко В.Н., Сафаралиева Л.А., Колышева О.Н. Моделирование концепта ПЕНСИЯ: экспериенциальный подход // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2022. – № 3. – С. 116-124. DOI:10.20916/1812-3228-2022-2-116-124
- 13 Фаронская С. А. Вербализация концепта «пенсия» пожилыми пользователями социальной сети «ВКонтакте» // Вестник Марийского государственного университета. – 2023. – Т. 17. № 4. – С. 562-568. DOI 10.30914/2072-6783-2023-17-4-562-568

Материал поступил в редакцию журнала 01.04.2025

MFTAP 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp159-171](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp159-171)

А.Қ. Қараман¹, О.С. Сапашев¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы

АЙМАҚТЫҚ САКРАЛЬДЫ ТОПОНИМИЯДАҒЫ НОМИНАЦИЯ ЖҮЙЕСІ ҰЛТТЫҚ КОД РЕТІНДЕ

Қандай да бір елдің, өңірдің ерекшелігін сипаттайтын киелі орындар өзінің рухани құндылығы негізінде мемлекет пен халықтың мәдени байлығы болып табылады. Әрбір халықтың санасындағы, ұлттық кодындағы киелі атаулар тіл тарихы қойнауындағы қазына ретінде бағаланады. Киелі жер-су атаулардың астарындағы гажайып сырларды танып, этимологиясына, мән-мағынасына, тарихына ерекше көңіл бөлу арқылы халық мәдениетінен көп ақпарат аламыз. Ертедегі түркілерден бастап, олардың заңды жалғасы қазақ халқына дейін елді мекендердің, жер-су, тау, өзен, көл атауларына ат қоюда үлкен мән берілген. Негізі әр географиялық атауда халық тарихының, ұғым-нанымның дерегі үзілмей сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Топонимикалық жүйеде жер-су атауларын қоршаған ортаның өзіндік бедер-белгісіне ұқсастыра атау бар, сондай-ақ белгілі бір тарихи оқиғаларға, өмірдегі себептерге, тылсым құбылыстарға байланысты атаулар да көп беріледі. Қазақ халқы сан ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінің негізінде өзінің

ұғымына сіңген географиялық терминдерді қолданған және олардың сын-сапа, қадір-қасиетті белгілеріне сәйкес атаулар жасай білген.

Өзінің генезисі бойынша географиялық терминдердің негізінде географиялық объектілердің қасиеттері, яғни, көп жағдайда культ объектілерінің пайда болуы жатады. Алайда ислам діні негізінде пайда болған атаулар дәстүрлі топонимияда сирек кездесетін жағдай, дегенмен олардың топонимдік атаулардың қасиетті, киелі мәніне орай қалыптасқандығын түсіндіруге болады.

Тақырып аясы мен көлеміне сәйкес, мақаламызда тек қана киелі және діни мағынасы бар топонимдер, ондағы ұлттық код көріністері қарастырылды. Зерттеу барысында, сондай-ақ, олардың жасалу жолдарына, семантикасына, апеллятивтік қызметтеріне, олардың жекелеген типтерге бөлінуіне ерекше назар аударылды.

Кілт сөздер: топонимика, агиотопоним, семантика, этимология, сакральды ономастика, киелі сөздер, әлемнің діни-нанымдық бейнесі, ұлттық код.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ тілінің ономастикалық кеңістігінде дінге қатысты сөздер мен терминдерді қамтитын географиялық атаулардың тұтас бір тобы орын алған. Орыс топонимистері агиотопонимдердің елді мекен атауларына қатыстылығына баса назар аударса, қазақ тіліндегі агиотопонимдер ретінде мазарлар орналасқан киелі жерлер, яғни әулиелер жерленген орындармен байланыстырады. Қазақ жерінде мұндай киелі жерлер бұрыннан зиярат ететін және тілек қабыл болатын қасиетті орындар саналған. Қазақ зерттеушілері агиотопонимдер діни көзқарастар негізінде пайда болған деген пікірді ұстанады. Қасиетті мекендер мен орындар Қазақстан топонимикасында маңызды орын алады және қазақ халқының рухани мәдениетінде кодталған ұлттық болмысты көрсетеді.

Жалпы ұлттың менталитеті дінге негізделгенмен тарих, климат, географиялық кеңістік, тілдің ерекшелігі де маңызды рөл атқарады. Топонимика қоғамда болып жатқан барлық оқиғалардың куәгері және олардың анық болмысы. Топонимика әрбір елдің саяси, экономикалық өмірінің, дінінің, әдет-ғұрпының, мәдениетінің, салт-дәстүрінің, ұлттық тілінің дамуының және географиялық атаулардың мәдени көрсеткішінің көрінісі болып табылады.

КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімінде қасиетті ономастиконды зерттеу халықтың діні, тарихы мен мәдениеті туралы бай және әр түрлі ақпарат алуға мүмкіндік береді. Лингвистика саласында қасиетті ономастикон күні бүгінге дейін кешенді түрде зерттелген жоқ. Дегенмен орыс тіл білімінде қасиетті топонимикаға арналған көптеген зерттеулердің авторларын атауға болады. Олар: М. В. Горбаневский¹, В.Я. Дерягин², А.А. Минкин³, И. И. Муллонен⁴, Н. М. Терехин⁵ және т. б.

Сонымен қатар әулиелердің есімдерін В. И. Супрун⁶, Б.А.Успенский, Ф.Б. Успенский⁷, А. В. Юдин⁸ қарастырған. Бұл зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде сакральды

¹ Улицы Старой Руссы. История в названиях. М., Мельгир, 2002. 128 с. (Совместно с Р.А.Агеевой и В.Л.Васильевым);

² Из истории географии финно-угорских заимствований в северно-русских говорах. Диалектная лексика. Л., 1971 (в соавт. с Л. П. Комягиной);

³ Из Истории Мурмана. Мурманск, 1976, с.209;

⁴ Топонимия Заонежья: словарь с историко-культурными комментариями. Петрозаводск, 2008

⁵ Терехин М.Н. Метафизика Севера: Монография. — Архангельск: Поморский университет, 2004. — 272

⁶ Православия святые имена : Учеб. пособие по истории религии / Под ред. А. Агеева. - Волгоград : Книга: МЦП "Вайланд-Волгоград", 1996. - 173 с.

ономастиконның теоним – Құдайдың есімі, агиоантропонимдер – әйгілі әулиелердің есімдері, агиотопонимдер – географиялық атауларды білдіретін жалқы есімдер, агиотопонимдер – агионимдерден – әулиелердің есімдерінен пайда болған географиялық атаулар жан-жақты сараланған, жіктелген, топтастырылған, мағыналары ашылған және сөздіктер құрастырылған.

Американдық топонимист Дж. Р. Стюарт XX ғасырдың 70-жылдарында мынадай жіктеуді және географиялық атауларды ұсынды: сипаттамалық; ассоциативті; оқиғаларға байланысты; иелік; мемориалдық; халықтық-этимологиялық; жасанды; ұсыныс; қате; ауыстырылған.

Киелі (латын тілінде – sacer (sacri)) сөзі кейде қасиетті деген мағынаны да білдіргенімен, екеуі екі түрлі ұғым. Халқымыз табиғатта әлдебір тылсым күш өзінен басым болған кезде, оның иесі бар әрі киелі деп санаған және оған сенген. Киелі әртүрлі түрде көрініс табатын, ежелгі діни көзқарас пен аңыздарда бүкіл әлемдік діндерді білдіру үшін қолданылады. Басқаша айтқанда, киелі сөзі – адамзатты дүниетанымдық деңгейде ата-бабалардың әлемімен байланыстырған және байланыстырушы нәрселер болып есептеледі [1, б. 7].

Лингвистикалық сөздіктерде «агиотопоним» дегеніміз (грек тілінен агио – қасиетті, топос – орын) мағынаны білдіреді. Яғни, әулие ретінде танылған тұлғаларға байланысты мекендер (қоныс орны, әулиенің өмір сүрген немесе жерленген жері және т.б.) және соған байланысты қалыптасқан киелі жер-су атауларын атаған.

Сонымен қандай бір елді мекен, жер атаулары болсын, ол алдымен халық тарапынан қойылатын географиялық жер атауларына жатады. Қазақ даласындағы тау, өзен-көл, елді-мекендердің атаулары халықтың болмысымен, дүниетанымен тікелей байланысты [2]. З.Құлманованың айтуынша ғылыми зерттеулер Қазақстанда ислам діні таралмастан бұрын түркі халықтары ай, күн, аспан, жер, Құдай, әруақтар, ата-бабаларға табынғандығын көрсеткен [3].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ тіл білімі топонимика саласының сакральды және агиотопонимдік ерекшелігін зерттеудің өзектілігі қазіргі кезде өз маңыздылығын жойған жоқ. Жер-су атауларының семантикалық мәнін ашу, этимологиялық сипатын айқындау, ұлттық маңызын ашып көрсету қазіргі қазақ тіл білімі үшін маңызы зор. Тілдің тарихи тұрғыда қалыптасып дамуы үшін, ұлттық идеология жағынан да ерекше маңызға ие.

Мақалада қолданылған зерттеу әдістері мынадай: 1) дескриптивті (сипаттамалық) әдіс: сакральды топонимика мен агиотопонимдердің белгілері мен сипаттарын анықтау; 2) концептуалды талдау: агиотопонимдер арқылы білдірілген ұғымдарды зерттеу; 3) тарихи-семантикалық салыстырмалы талдау.

Қазақстанның жер көлемі 2724,9 мың км² құрайды. Қазақстан Республикасы аумағының көп мөлшерін биіктігі 400-500 м болатын жазықтар, үстірттер, шоқылар, қыраттар, жоталар алып жатыр. Ал, абсолютті биіктігі 5000 метрге дейін жететін аспанмен таласқан асқар таулар Алтай, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань табиғаттың ерекше көрінісі. Қазақ топонимистері Қазақстанның 17 облысындағы ата-бабалардың мекен еткен көне қоныстар атауларын, елді-мекендер, гидронимдер, ойконимдер, оронимдерді жинақтап, теріп, тізімдеп әр жыл сайын сөздіктер, этимологиялық анықтамалық, энциклопедиялық анықтамалықтарды жарыққа шығарды.

Зерттеу барысында тілдік деректер төмендегі материалдардан алынды:

- «Сакральный ландшафт Сарыарки: Коллективная монография» (2020);
- «Жер-су атауларының анықтамалығы (2009);

⁷ Иноческие имена на Руси. М.; СПб.: Нестор-История, 2017. 344 с.

⁸ Твое святое имя. М., 2007

- «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы (2017);
- «Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі» (2017). Аталған басылымның тізіліміне киелілік қасиетімен танылған өзіндік маңыздылығы бар табиғи жерлер, көрнекті және көпшілікке таныла қоймаған ескерткіштерді қамтитын тарихи-мәдени мұра нысандары енген. Ескерткіштердің хронологиясы ежелгі дәуірден қазіргі заманның этнографиясына дейінгі кезеңді қамтиды.

Қазақ топонимиясының даму тарихын зерттеген, әрбір топонимнің этимологиясын сипаттаған ғалымдар еңбектерінің маңыздылығы жоғары. Қазақстан облыстары бойынша жер-су атауларының энциклопедиялық анықтамалықтары тілдік деректерге бай. Зерттеушілер тарапынан құрастырылған сөздіктерге сол аймақтың барлық географиялық атаулары енген.

НӘТИЖЕЛЕР

И.В. Бугаева алғаш рет қасиетті (қасиеттілікпен байланысты) онимдердің классификациясын жасады және «әйгілі христиан әулиелері номинациясына қызмет ететін апелляциялық антропонимдік кешен» ретінде анықталған «агиоантропоним» ұғымын анықтады [4].

Агионимдер лингвомәдениеттің маңызды ақпарат берушісі болып табылады. Олар ең алдымен дінтану, сондай-ақ мәдени және тарихи ақпараттың көп мөлшерін сақтайды. Әлемнің діни бейнесінде киелілікпен байланысты ономастикалық кеңістік барлық халықтар үшін құнды дүние болып саналады.

Топонимдерді географиялық терминдер ретінде қарастыру бір жақты құбылыс болып қалары сөзсіз. Кез келген топонимнің семантикасында мәдени және тарихи ақпарат бар. Бұл туралы ономастика, этнолингвистика, лингвистикалық елтану, лингвомәдениеттану салаларының белгілі мамандары Н.И. Толстой, В.Н. Топоров, М.В. Горбаневский, В.И. Супрун, Р.А. Агеева, Е.М. Верещагин, А.Ф. Журавлев, Е.Н. Березович, Г.М. Керт, В.П. Нерознак және басқалар пікірлерін білдірді және көптеген еңбектер жазды.

Қазақ топонимдерінің шығу тәркісіне қатысты бірқатар зерттеу жұмыстары мен сан түрлі пікірлер бар. Қазақ тіл білімінде ономаст-ғалымдар әр топонимнің әр компонентін барынша талдап, қай тілден енгенін, қазіргі кезде қай тілде осы нұсқаның сақталғанын зерттеп, еңбектерінде мысалдар негізінде дәйектеген. Ә.Әбдірахманов (1975) қазақ топонимдерінің этимологиясын ашуға көңіл бөлген [5], Е. Қойшыбаев (1974) Қазақстан топонимдерінің қысқаша түсіндірмелі сөздігін жасаған [6], Ғ. Қоңқашбаев (1963) Қазақ географиялық атаулардың сөздігін құрастырған [7]. Бұл ғалымдардың қазақ ономастикасының, соның ішінде топонимиканың дамуына қосқан үлестері ұшан теңіз. Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі – ғалым Т. Жанұзақовтың (2019) бірнеше еңбектерін айрықша атап өтуге болады. Ғалым өзінің еңбектерінде жер-су атауларының түптөркінін ашқан.

Қазақ тіл білімінде сакральді топонимдер ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді, ал соңғы жылдары бұл тақырыпқа деген қызығушылық арта түсті. Қазақ тіліндегі киелі топонимдер көбінесе жергілікті діни және рухани сенімдермен тығыз байланысты және халықтың мәдениетінің, дүниетанымының айқын көрінісі болып табылады. Сондай-ақ, қазақ халқының көшпелі өмір салты жер-су атауларына ықпалын тигізген. Мысалы, Қаратау, Жалаңашкөл секілді топонимдер қазақ халқының табиғатпен тығыз байланысы мен оған деген құрметін көрсетеді. Бұл топонимдер арқылы ұлттың киелі мәдениеті мен ұлттық бірегейлігі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазіргі таңда қазақ топонимдерінің шығу, даму кезеңдері және жасалу жолдары жан-жақты зерттелу үстінде. Топонимдік атаулардың қалыптасуы халықтың, оның сөзінің тарихымен байланысты, тілдің әр дәуірдегі дамуы мен өзгерумен, қала берді қоғамдық құрылымдардың трансформациялану үдерісімен тікелей байланысты.

Әрине, жер-су аттары ғасырлар бойы жасалып, лингвомәдени сипатта болатындықтан, оған жүргізілген зерттеу еңбектер де саны қырлы. Жер-су атауларының этимологиясын ашу ерекше зер салатын мәселелердің негізінен саналады. «Әлемнің мифологиялық және теологиялық бейнелерінің құрамдас бөліктерін зерттеу қазіргі таңда этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвокогнитивтік, когнитивтік-дискурсивті бағыттар аясында қарқынды жүргізілуде» [8]. Мақалада агиоантропонимдердің қатарын құрайтын киелі жер-су аттарының тізімін беруді жөн көрдік. Төмендегі тізімге Қазақстанның барлық облыстарындағы киелі географиялық нысандардың атаулары, жалпы киелі топонимикалық атауларды қамтуға тырыстық.

Әулие (өзен, Ақтөбе обл), Әулиеағаш (қорым, Ақтөбе обл), Әулие мола (тау, Ақтөбе обл), Иманкөл (көл, Ақтөбе обл), Мешіт (қыстау, Ақтөбе обл), Намазбұлақ (бұлақ, Ақтөбе обл), Намазтау (тау, Ақтөбе обл), Шайтаниағыл (қыстау, Ақтөбе обл), Әулиеағаш (қоныс, ауыл Алматы обл.), Әулиебастау (бұлақ, Алматы обл.), Әулиекұм (қоныс, Алматы обл.), Әулиесексеуіл қоныс, Алматы обл.), Әулиетас жағасы (қоныс, Алматы обл), Әулетөреқұл (қоныс, Алматы обл), Әулиешоқы (шоқы, Алматы обл), Бейіттібұлақ (өзен, Алматы обл.), Жұмақ (жота, Алматы обл.), Жынды (қоныс, Алматы обл.), Шайтанарал (арал, Алматы обл.), Шайтанжота (тау, Алматы обл.), Баба (қыстау, Атырау обл.), Намазтақыр (қоныс, Атырау обл.), Баба (жайлау, Батыс. Қаз. обл.), Дәуриш (қыстау, Батыс. Қаз. обл.), Мешіт (құмды алқап, қыстау Батыс. Қаз. обл), Әулие аңғары (Жамбыл обл.), Әулиебастау (көне қала орны, Жамбыл обл.), Молалы (өзен, құдық, Жамбыл обл.), Шайтансеміз (бұлақ, Жамбыл обл.), Әулетөбе (тау, Қарағанды обл.), Әулиешабыра (Қарағанды обл.), Әулиешоқы (тау, Қарағанды обл.), Бектауата (тау, үңгір, Қарағанды обл.), Исламқұдық (құдық, Қарағанды обл.), Ишансай (өзен, Қарағанды обл.), Мешіт (қыстау, Қарағанды обл.), Молалыжал (жота, Қарағанды обл.), Молаадыр (бейіт, Қарағанды обл.), Молабұлақ (бұлақ, Қарағанды обл.), Молалыбұлақ (бұлақ, Қарағанды обл.), Әулиекөл (көл, ауыл, Қостанай обл.), Мешітті (ауыл, Қостанай обл.), Әулие (қыстау, Қызылорда обл.), Әулиекұдық (құдық, Қызылорда обл.), Базар Қожас кесенесі (Қызылорда обл.), Ақмешіт әулие үңгірі (Оңт. Қаз. Обл.), Ақмола кесенесі (Оңт. Қаз. Обл.), Әулие көлшік ата қылуы (Оңт. Қаз. Обл.), Ишанбазар мешіті (Оңт. Қаз. Обл.), Қарабура әулие кесенесі (Оңт. Қаз. Обл.), Әулие (тау, Павлодар обл.), Әулиебұлақ (өзен, Павлодар обл.), Әулиекөл (көл, Павлодар обл.), Әулиетас (жартас, Павлодар обл.), Бабалы (таулар, Павлодар обл.), Құдайкөл (көл, ауыл, Павлодар обл.), Құдайшоқы (тау, Павлодар обл.), Шайтан (көл, Павлодар обл.), Шайтанды (таулар, Павлодар обл.), Шайтанкөл (көл, Павлодар обл.), Әулиешоқы (Солт. Қаз. обл.), Әулиеоба (батпақ, Солт. Қаз. обл.), Иманбурлық (өзен, Солт. Қаз. обл.), Имантау (тау, көл, Солт. Қаз. обл.), Молалы (көл, Солт. Қаз. обл.), Шайтан (көл, орман, Солт. Қаз. обл.), Әулиебұлақ/Әулие қыз бұлағы (Шығыс Қаз. Обл.), Әулиешоқы (тау, Шығыс Қаз. Обл.), Жұмақ (тау, Шығыс Қаз. Обл.), Ханышығыс (тау, Шығыс Қаз. Обл.), Богословка (ауыл, Ақмола обл), Қарамола (қоныс, Ақмола обл), Шайтанды (тау, өзен, жота, Ақмола обл), Шайтанқарасу (өзен, Ақмола обл), Шайтанкөл (қоныс, Ақмола обл), Шайтантөбе (тау, төбе, Ақмола обл).

Жоғарыдағы берілген киелі топонимдерді шартты түрде бірнеше тақырыптық топқа бөліп қарастырдық: 1) Теонимдік топонимдер; 2) Киелі, қасиетті әулиелердің есімдерінен бастау алатын агиотопонимдер; 3) діни наным-сеніммен байланысты қойылған атаулар; 4) киелі жер-су аттары; 5) қазақ жеріне әр кезеңдегі қоныстанушылардың өзгертуінен пайда болған атаулар; 6) тарихи аңыз-оқиғаларға қатысты қалыптасқан атаулар. Төменде әрбір жоғарыда берілген топтарды тілдік деректер және мысалдармен ұсынып отырмыз.

Теонимдік топонимдер: *Тәңірі* – көне заманнан бастап қазақ ұғымында «көк аспан, Алла тағала, Құдырет, Жаратушы» мағынасын береді. Топонимжасамда жердің ең биік шыңын географиялық нысанды атауға қатысады. Олар: абсолютті биіктігі 6995 метрді құрайтын Алматы облысы Райымбек ауданындағы *Хантәңірі* шыңы және *Тәңіртау* оронимі. Павлодар облысында Жаратушының қазақтар арасына парсы тілі арқылы енген Құдай атауына байланысты *Құдайшоқы* тауы мен *Құдайкөл* көлі бар. Тау халық ұғымында биіктікті, киелілікті, құдыреттілікті білдіреді. Қасиетті Құран Кітабында Алла тағаланың сүйікті Пайғамбары Мұхаммед ғ.с. да тауға барып тілдескен деген дерек бар. Дүние жүзіндегі қай халықты алып қарасаңыз да, тауды құдыретті, қасиетті, киелі деп санап сыйынған, табынған, сонымен қатар тау басында өзіне тән әдет-ғұрыптарын өткізген. Бұны біз қазір сақтардың тау басындағы табыну жерлері, ондағы ғұрыптарға байланысты қашап қалдырған киелі таңбалары да дәлелдейді. Мәселен Алматы облысындағы Таңбалытас кешені, Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр үңгірі осыған дәлел.

Бұрынғы замандардағы адамдардың дүниетанымы мен қоршаған ортаны танып білудегі алғашқы түсінігі туралы зерттеуші былай дейді: «Қоршаған ортаның әрбір бөлігі сакрализация процесіне (Құдай, Жаратқан, қасиетті) ұшырай бастады.

Киелі географиялық нысандарда тау, жота, өзен, көл, қорғандар, сыйыну орындары атауларының негізінде жасалған топонимдік атаулар мол кездеседі. Мәселен, қазақ ономастикасында «әулие» сөзіне қатысты агиотопонимдердің қатарынан таулардың, төбелердің, шатқалдардың, үңгірлердің, көлдердің, өзендердің, ауыл атауларын кездестіруге болады. Тараз қаласының ескі атауы – Әулие Ата да осыған дәлел.

Көшпелі қазақ үшін географиялық нысандардың ішінде тауға сыйыну, тәубе ету, тағзым ету ерекше орын алады. Түркі халықтарының ономастикалық жүйесін зерттеуші Э. Мурзаев тау, жота, төбеге байланысты түркі халықтарында табу ұғымы жайлы мынадай түсінік қалыптасқанына тоқталып өтеді: «Тау, шыңдардың иелері болған. Адамдар олардың атын тікелей атамаған. Табу бұзылған жағдайда жамандыққа, сәтсіздікке ұшырайды деп түсінген. Тау басында әр түрлі ғибадаттар жасалған. Құрбандық шалып, тауға тағзым ету салты да орындалған» [9].

Әулие компонентімен келген топонимдер: тау, бұлақ, құдық, өзен, қорым, қоныс. *Әулиетау* (Ақмешіт) – Ұлытаудың ең биік шыңы. Әулие сөзінің мағынасын Б. Тохан былай ашып көрсетеді: «Әулие – 1. Құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам. 2. Айтқаны келетін сәуегей адам. Ауысп: қадірлі, қасиетті» [10].

Әулие көл – Қостанай облысындағы көл: елді мекен. Халық аңызында «Көл бір күнде аяқ астынан құрғап, астына жоқ болып кетіпті де түнде қайтадан пайда болыпты. Содан соң Әулиекөл атап кетіпті. Көлдің бұлайша аталуы – оның басқа да қасиетіне, емдік, шипалық ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін» деп пікір білдіреді топонимист Т. Жанұзақ [11].

Әулиетас – бұлақ. Әулие + тас компоненттерінен құралған атау. Әулиетас деп аталуында үлкен мән-мағына жатыр. Әулиелердің қарапайым адамдарға қарағанда қасиеттері басым. Аңыз-әңгімелерден олардың табиғаттан тыс керемет қабілетке ие екенін көруге болады. Географиялық нысандардың атауларындағы әулиелердің есімдері қазақ жерінде ислам дінінің орныққан кезеңінде пайда болған болуы мүмкін. Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстанда «Әулиелі жер» қасиетті орындарының саны едәуір көп, олардың көпшілігі әулиелердің есімімен аталады. Сондай-ақ, Батыс Қазақстанда Маңғыстау өңірін киелі өлке екенін ерекше атап өтуге болады, себебі 362 әулиеге мекен болған қасиетті мекен. «Маңғыстаудағы топонимикалық кеңістігінің біртұтас бейнесін жаңғыртуда діни-танымдық ұғымдарға, оның ішінде сопылыққа негізделген сакральді топонимдер ерекше орын алады» [12].

Топонимдердің жасалу, пайда болу, шығу тарихында ерекше орын алатын маңызды мәселенің бірі – діни ұғым-түсініктермен, халықтың ескі наным-сенімінен туындаған атаулар. Халықтың жүріп өткен тарихындағы діни оқиғалар, тылсым құбылыстар, перілер әлемі, жын-шайтандар олардың тіршілік өміріне айтарлықтай әсер етті.

Қазығұрт тауы, Қазығұрт атауы қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау. Қазығұрт атауының шығу тегіне қатысты толық мағлұматты Қ. Өмірәлиевтің еңбектерінен кездестіруге болады.

«Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса, неге қалған!» деген қазақ арасында кеңінен таралған аңыз әңгіме бар. Оның себебін – Нұх пайғамбар (ғ.с.) заманында жердің бетін топан су қаптап, Нұх пайғамбардың (ғ.с.) кемесі тоқтайтын таудың бірі – осы Қазығұрт деп аңыз сыр шертеді. Әр аңыздың түбінде шындық жататыны мәлім. Қазығұрт тауының басында кеменің қалған не қалмағаны туралы теолог Б.Сағындықұлы мынадай дәлел келтіреді: «Топан су азайғанда «Нұхтың кемесі менің төбеме қайырылады» деп биік таулар өзара таласқан. Нұх аласа тауға тоқтау жөнінде бұйрық алады. «Аласа тау дегені осы болуы мүмкін» деп Нұхпайғамбар арабтардың Жудысына келсе, періштелер «бұл емес» дейді. Армяндардың Араратына келсе, тағы да «бұл емес» дейді. Қазақтардың Қазығұртына келеді. «Бұл да емес» деген соң қазіргі Бұқар облысы, Тамды ауданы маңайындағы Нұрата тауына жылжиды. Нұх пайғамбардың кемесін қабыл алған киелі тау осы еді (*Нұрата атануында да сыр бар шығар*). Аласа таулар Нұхтың кемесі тоқтайды деп үміттенгендіктен, балбырап балқып кеткен. Сондықтан жоғарыда аталған таулардың бәрінде де кемеге ұқсас белгі қалған» [13]. Ғаламның ғажайып сырларын түсіндіруші теолог ғалым бұл пікірін арнайы экспедиция жасақталып, ғылыми жұмыстар жүргізілген жағдайда, Нұратаның басындағы таза ағаштан жасалған кемені анықтауға болады деп жүз пайыз сенімділік білдіреді.

Қасиетті жерлер, мекендер мен орындар адамның тіршілік ету ортасын қасиетті етіп қана қоймайды, сонымен қатар әр түрлі географиялық объектілерді, материалдық және өндірістік тіршілік пен мәдениеттің объектілерін атау біртұтас қасиетті кеңістікті құруға ықпал етеді. Қазақтың кең-байтақ жер аумағында *Хан Тәңірі*, *Бектау ата*, *Қазығұрт* топонимдерді мифтік жер-су аттары ретінде қабылданғаны белгілі. Себебі, тілімізде аталмыш топонимдерге қатысты мифологиялық ұғымдар мифтер, тарихи мәтіндер, аңыз-әңгімелер көп.

Киелі антропонимдер – *Бабаата күмбезі* (Оңт. Қаз. Обл.), *Баба түкті Шашты Әзіз мазары* (Оңт. Қаз. Обл.), *Ибрагим ата күмбезі* (Оңт. Қаз. Обл.), *Баба* (бейіт, Ақтөбе обл.), Қазақ киелі антропонимдерінің құрамында *ата*, *баба*, *бап* (*баб*) сияқты сыйыну сөздері қалыптасқан. Халық ұғымындағы киелі бейнелердің жалпы көрінісінде ата-бабаға деген құрмет байқалады. Ата-баба тірі кезінде де, о дүниелік болса да адамдарды Жаратушымен байланыстырушы, екеуінің арасындағы алтын көпір қызметін атқарушы.

Бектауата – тарихи тау, биіктігі 1215 м., село, Қарағанды обл. Халық аңызы бойынша: Бектау ата және Бегазы деген екі әулие болған. Бұл әулиелер тауды мекендеген. Солардың құрметіне географиялық нысан Бектауата тауы аталған.

Бабаата – Шымкент облысындағы ұзындығы 44 км созылып ағып жатқан өзен атауы. Баба арғы тек дегенді білдіреді. Қазақстар қасиетті әулие санаған кісілерді баба деп немесе қысқартып баб деп атаған. Мысалы, Баба түкті Шашты Әзиз, Арыстан баб, Қамбар баб.

Қасиеттілік пен қасиетті ұғымдар әрқашан сенуші адамның санасы үшін маңызды болды. Сондықтан, халық өз өмірін ұйымдастыру процесінде ономастикалық номинациямен адамдар саналы түрде, рухани-адамгершілік идеяларын қосады. Ал көптеген кейбір жекеленген тұлғалар белгілі бір жақсы қасиеттері арқылы халық санасында қасиетті, киелі ұғымын қалыптастырған. Осылайша қарапайым халық тарапынан қасиетті ономастикон агионимдермен ұсынылған.

Жұмақ – тау. ШҚО Шыңғыстау тау жүйесі. Бұл сөз араб тілінен енген «о дүниеде болатын ғажайып өмір, мекен».

Намаз – мұсылмандардан талап етілетін бес парыздың бірі. Топонимжасамда «елді мекеннің құбыла жағында орналасқан табиғи нысанды атауы мүмкін, өйткені намаз тек құбылаға қарап оқылады». *Намазбұлақ* (бұлақ, Ақтөбе обл., Байғанин ауд.), *Намазтау* (тау, Ақтөбе обл., Байғанин ауд.), *Намазшағыл* (төбе, Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.) [14].

Бейіт – мола. Ерте заманда бейіт, молалар «жақын жерде ел бар» деген мағынада қолданылған. Сонымен қатар жолаушыға бағыт-бағдар қызметін атқарған. Ұзақ сапарға шыққан жолаушылар ауылдарға жете алмаған жағдайда осы мазар, мола мен бейітке түнеп шығатын болған. Қазақ халқының мәдениетінде өмірден озған адамдардың бейітіне барып, құран бағыштап отырған. Әулиелер жерленген мазарларды тілек қабылданатын киелі орын деп санап, балалы болуға байланысты тілек тілеген. Яғни, қазақ ұғымында әулие Жаратушы мен жаралғанның арасын байланыстырушы қасиетті тұлға. Өзінің тілегінен гөрі тақуа адамның тілегі тез қабыл болады деп түсінген.

Мола. Көшпенді қазақ өмірден озған ата-бабаларының жатқан зиратын, қорымын, моласын, бейітін ерекше құрметтеген. Бұл дәстүр қазақтың арғы тегі сақтардан жалғасып келе жатыр десе де болады. Бұрынғы адамдар обаларға жерленген. Қазақстанның түпкір-түпкірінде Қараоба, Сарыоба, Шағаноба атаулары кең таралған. Сондай-ақ Астана қаласының тарихи атауы – Ақмола да осындай топонимикалық принциптің негізінде жасалынғаны белгілі.

Демондық атаулармен келген топонимдер: тау, көл, төбе.

Шайтанкөл – Бұл көл алғашқы кезде «Әулие көл» аталған. Жағасына тастан қашалған крест қойылған. Бір кезде әлгі крест суға құлап кеткен. Содан кейін «Шайтанкөл» аталыпты.

Шайтантас – биіктігі 572,9 м. құрайтын тау. Топонимдік мағынасы: «жын-шайтанды жартас, тау». Атау «Шайтантас маңы албастыға, сайтанға, жынға толы» деген діни, соқыр сенімге байланысты қойылған дейді Т.Жанұзақ [11].

Шайтан, жын пендені тура жолдан тайдыру үшін әрекет ететін көзге көрінбейтін магиялық рухтар. Адамға қарсы қастандық жасайтындықтан адамзаттың қас жауы. Шайтандардың да өмір сүретін өз әлемі бар. Жын-пері алыс, елсіз жерлерге иелік етеді. Адам үшін олар жұмбақ құбылыс. Белгілі бір дәрежеде олар адамдардың өмір тіршілігіне әсер ете алатын күшке ие. Оның дәлелі ретінде тіліміздегі *жын тиді, жын ұрды, пері соқты, жыны бар*, деген тіркестерді келтіруге болады.

Қазақстанның әрбір аймағында экзоним топонимдер де кездеседі. Экзоним топонимдерді бір кездері қазақ жерін отарлаушылар немесе сырттан келген қоныстанушылар атауды орысшаға аудару арқылы берген. Мысалы, Святогоровка – село. Әулиетау атынан аудару арқылы берілген.

Богословка – басында Үшқұдық атауы болған. Зерттеушілер бұл ойконимнің мифологиялық астары зор маңызға ие екенін, көшпенділер үшін су – өмірдің символы және оның қорғандық күші бар екенін айтады. Үшқұдықтың «Богословка» атауына ие болуы да құдық суының православ христиандарының діни ғұрпындағы белгілі бір аралықта суды киелендіру ритауалына байланысты шығуы әбден мүмкін.

Бұрынғы топонимдер орнына жаңа топонимдердің орнығуы жер-су атауларын қолдануда жарыспа варианттылықты тудырған. Қазақ ұлттық кодынан жоғалмаған ескі жер-су атаулары кейіннен келімсектер берген жаңа атауларымен жарыса, қатар қолданылуы Қазақстан топонимінде молынан кездесетін құбылыс.

Топонимдер құрамындағы ислам діні келгеннен бері қолданылып жүрген сөздер барлық өңірлерде орын алады. Ол сөздердің топонимикалық атауларда кездесуі бізге ортақ діни наным-сенімнен мол мағлұмат береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы бойынша төбе, су, шоқы геоморфологиялық, гидронимдік аппелятивтердің, ойконимдердің ортақ қолдынысы, яғни әрбір облыстардағы жер-су атаулары құрамында өз мағынасында немесе ауыспалы мағынасында көрініс табуы ортақ мәдени көрсеткіш. Қазақстанның түпкір-түпкірінде орналасқан тау, өзен-көл атауларында әулие сөзі қасиетті, киелі мәнінде көп қолданылады. Әулие ұғымымен әр түрлі әпсаналық мазмұндар орын алған. Ал, гидронимдерде кездесетін әулие компоненті «құдыретті, қасиетті, киелі» мағыналарын білдірсе, кейде «шипалы, емдік қасиеті бар» деген мағынаны да жүктейді. «Ата, баба, бап» (мыс. Әулиеата, Арыстан баб) сөздері топонимдік атаулар жасауда жиі қолданылып, әулие есімдері мен киелі жерлердің қызметтік мағынасын ашады. *Бейіт, мола, мазар, зират*,

содай-ақ исламға дейінгі *қорым*, *оба* сөздері топоним жасауда біршама белсенділік танытады.

Мифтік және де беймифтік топонимдердің актив және пассив қоры тілді пайдаланушы жеке адамның, жеке тілдік тұлғаның сөздік қорына, яғни білім аясының кеңдігіне, тарлығына байланысты болып келетіндігін есте сақтауымыз қажет.

Осылайша, тек кейбір этномәдени типтерді салыстыру типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға болатындығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Типтер мен атаулардың ұқсастығы тіл-дереккөздердің ұқсастығына негізделмейді. Ономастикалық номинацияның киелі атаулары мән-мағыналары олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен байланысты, өйткені «атау – бұл ұлттық мәдениеттің өнімі және көрінісі».

Бағалау-сипаттау функциясы агиоантропоним семантикасында көрінеді, бұл адамдарда белгілі бір эмоционалды қатынасты тудырады, олар экспрессивті салыстыруларда жиі қолданылады. Символдық функцияның арқасында әулиенің есімі немесе оған қатысты атау қандай да бір сапаның, адамның қандай да бір қасиетінің анықтамасын білдіруге қабілетті және белгілі бір идеалды бейненің көрінісі бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сакральды топономика және агиоонимдер – лингвомәдениеттің маңызды тасымалдаушысы болып табылады. Олар ең алдымен діни-танымдық, сондай-ақ мәдени және тарихи ақпараттың көп мөлшерін сақтайды. Қасиетті (сакральды) ономастикон және агиоантропонимдер ономастикалық кеңістіктің элементі болып табылады және қазақтың сайын даласында тіршілік еткен әйгілі әулиелердің аттарын білдіретін тіл бірліктері ретінде анықталады.

Сакральды ономастикада шындық, ақиқат туралы ақпарат көрініс табады және сақталады, олар халықтың мәдениеті туралы ақпараттың үлкен қабатын тасымалдаушылар болып табылады. Агиоантропонимдерде біз дінтарихының кейбір құбылыстарына сенушілердің жалпы қатынасын көреміз, бұл қасиетті, киелі елді-мекендердің атауындағы халықтың діни наным-сенімінен байланысты қолданылады.

Қазақ тілінің ономастикалық кеңістігінде дінге қатысты сөздер мен терминдер бар географиялық атаулардың жүйесін қарастырғанымызда киелі сөздермен байланыстырып қойылған елді мекендердің атаулары ғана емес, әулие-әмбиелер мен қасиетті адамдар жерленген мазарлар, кесенелер, яғни құтсал орындардың атаулары көп кездесетіні байқалады. Мұндай жерлер халықтың тілек тілеуі мен дұға етуі үшін баратын зиярат орындарына айналған.

Қазақстанның барлық облыстарында кездесетін мифологиялық-сакральды мазмұны бар бейнелі атаулар: *Қоңырәулие*, *Баба түкті Шашты Әзіз мазары*, *Марал Ишан мазары*, *Ибрагим ата күмбезі*, *Қарашаш ана күмбезі*, *Домалақ ана күмбезі*, *Бататау* (тау), *Қаражұмақ*, *Мешіт* (құмды алқап), *Қарақожа мешіті*, *Ақмешіт әулие үңгірі*, *Ақбейіт*, *Бейіттібұлақ*, *Моалы*, *Мазар*, *Иманқара* (тау), *Иманқұлбастау* (тау), *Иманқұл* (өзен), *Қажыауыл*, *Қарамола*, *Қазығұрт* (тау), *Киелі Қаратау*, *Шайтанарал* (арал), *Шайтанжота* (тау), *Шайтантас* (тау), *Шайтансеміз* (бұлақ), *Шайтансай* (сай), *Жынтөбе* және т.б. Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен діни көзқарасын білдіретін топонимдердің әрқайсысының өзіне тән мағынасы мен ерекшелігі бар. Қазақстан аумағында, әсіресе Оңтүстік Қазақстанда әулиелер мен қасиетті адамдардың есімдерімен байланысты агиотопонимдер мол кездеседі. Исламның алғашқы тарихындағы әулиелердің есімдері бар агиотопонимдер, сондай-ақ бейнелері исламға дейінгі табиғат культінің ерекшеліктерін сақтайтын әулиелер сандық жағынан аз екені байқалады.

Әулие (тау), *Әулиетөбе* (тау), *Әулиешоқы* (тау), *Әулие* (тау, қыстау), *Әулиеқора* (тау), *Әулиебұлақ*, *Әулиебастау*, *Әулие аңғары*, *Әулиешоқы* (жота), *Әуликөл* (көл, ауыл), *Әулие көлшік ата қылуеті*, *Әулиеқұдық* (құдық), *Әулиеағаш* (қоныс, ауыл), *Әулиеқұм* (қоныс), *Әулиесексеуіл* (қоныс), *Әулиетас жағасы* (қоныс), сияқты топономикалық атаулар негізінен

жеке агионимдерге (әулиелердің есімдеріне) қатысты да болуы мүмкін. Уақыт өте келе әулие есімдері халық жадында толық сақталмай, ұмыт қалса керек. Сакральды ономастикон мен агиоантропонимде әлемнің көзқарасы, құндылықтар жүйесі, қандай да бір дін өкілдерінің жалпы діни идеялары көрініс тапқан.

Қорыта айтсақ, географиялық нысандардың негізгі атауларының нақтылы сыр-сипат, себеп-салдары нысандардың түр-түс, көркін бейнелейтін киелі сөздерден, сол елді мекенде тұратын халықтың әдет-ғұрып, салт-санасын және діни, идеологиялық жағдайларын сипаттайтын сөздерден қойылып отыруы қазақтан басқа да көптеген халықтарға тән құбылыс екені белгілі. Атау жасауда халықтың рухани және материалды мәдениеті оның дереккөздерін қолданғанын, оны өздері қалыптастырғанын, дамытқанына белгілі бір ұлттық код деп қарауға әбден болады. Сондай-ақ, кейбір топонимикалық атаулар әртүрлі жағдайлардың ықпалының әсерінен өзгеріске ұшыраған, жойылған, сақталмаған және де мүлдем ұмытылған.

Аталмыш мақаладағы айтпақ ойымыз да бұл, яғни, қазақ жеріндегі киелі топонимдердің қойылу себебін неғұрлым жіті және жан-жан-жақты анықтай білсек, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы пайдаланып келген жер-судың атауларының бізге айғақтайтын ақпараты айқындала түседі. «Жер-судың аты – тарихтың хаты» деген аталы сөзді басшылыққа ала отырып, біз мәдени мұраларымызды сақтап қана қоймай, ондағы код ретінде қатталған ұлттық болмысымызды да нақтылауымыз кезек күттірмейтін іс, қазақ топонимдерін ұлттық код принциптерінде зерттеу, ономастикадағы жаңа белестер екеніне сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі / Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. – 2017. – 1-шығарылым. – 904 б.
- 2 Boranbay B.E., Kamisheva G.A., Oralova G.S., Tulebayeva A.T. THE SACRAL CONCEPT AND ITS INTERPRETATION. *Tiltanym*. 2023; 89(1): 73-79. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-73-79>
- 3 Kulmanova, Z. Bekbulatovna , Zhirenov, S. Amanzholuly , Mashinbayeva, G. Abenovna , Orynbayeva, D. Gabitovna , Abitova, Z. Sabetkhanovna and Babaeva, K. Sabetovna. Reflection of the Religious Worldview in Language. *International Journal of Society, Culture & Language*, 10(3), 2022. – Pp.31-43. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.544382.2484>
- 4 Бугаева И. В. Агионимы в православной среде: структурно-семантический анализ: монография. – М., 2007. – 258с.
- 5 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.
- 6 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп. – 1985, 256 б.
- 7 Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: Издательство Академии наук КазССР, 1963. – 185с.
- 8 Bakytkazyevna, T. Gulden , Kurmashkyzy, R. Kyzdarkhan and Abdildaevna, Z. Aiman. Representativeness of Mythonyms and Theonyms in Language Corpora. *International Journal of Society, Culture & Language*, 12(1), 2024. – 374-395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288>
- 9 Мурзаев Э. М. Тюркские географические названия. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1996. – 254 с.
- 10 Тохан Б. Қазақ тіліндегі көне және сирек қолданыстағы сөздер сөздігі. – Алматы. ЖШС РПБК. Дәуір. – 2021. – 464 б.
- 11 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. 3. Топонимика. Алматы: 2019. – 390 бет.

12 Nurdauletova B. RELIGIOUS TOPONYMS IN THE MANGISTAU TOPOAREAL. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, Philology Series. – 2024. – Pp. 59-68. 10.55808/1999-4214.2024-2.06.

13 Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.

14 Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

Материал 28.07.2024 баспаға түсті

Система номинаций в региональной сакральной топонимии как национальный код

А.К.Караман¹, О.С.Сапашев¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, 050040, Республика Казахстан

Сакральные места, характеризующие специфику той или иной страны, региона, на основе своей духовной ценности являются культурным богатством государства и народа. Священные имена в сознании каждого народа, в национальном коде ценятся как сокровища в недрах истории языка. Мы получаем много информации из народной культуры, узнавая удивительные секреты сакрально-водных имен и уделяя особое внимание этимологии, смыслу, истории. От древних тюрков и их законного продолжения до казахского народа большое значение придавалось наименованиям населенных пунктов, гор, рек, озер. В каждом географическом названии не прерываются факты истории народа, представления, передаваемые из поколения в поколение. Топонимическая система имеет названия, которые напоминают названия мест и вод своего рода тиснение окружающей среды, а также названия, связанные с определенными историческими событиями, жизненными причинами, загадочными явлениями. Казахский народ на основе многовекового жизненного опыта использовал географические термины, укоренившиеся в его понятиях, и умел создавать имена в соответствии с их критическими признаками.

В основе географических терминов по своему генезису лежат свойства географических объектов, в большинстве случаев, происхождение культовых объектов. Однако имена, которые возникли на основе ислама, являются редкостью в традиционной топонимии.

По объему темы в нашей статье рассматривались только топонимы, имеющие сакральное и религиозное значение, проявления в них национального кода. В ходе исследования также особое внимание было уделено способам их создания, семантике, их разделению на отдельные типы.

Ключевые слова: топонимика, агиотопоним, семантика, этимология, сакральная ономастика, теонимы, религиозная картина мира, поверие, национальный код.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 География сакральных мест Казахстана: реестр объектов природы, археологии, этнографии и религиозной архитектуры / под общей редакцией академика НАН РК Байтанаевой Б.А. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – выпуск 1. – 904 с.

2 Boranbay B.E., Kamisheva G.A., Oralova G.S., Tulebayeva A.T. THE SACRAL CONCEPT AND ITS INTERPRETATION. *Tiltanym*. 2023;89(1):73-79. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-73-79>

3 Kulmanova, Z. Bekbulatovna , Zhirenov, S. Amanzholuly , Mashinbayeva, G. Abenovna , Orynbayeva, D. Gabitovna , Abitova, Z. Sabetkhanovna and Babaeva, K. Sabetovna. Reflection of the Religious Worldview in Language. *International Journal of Society, Culture & Language*, 10(3), 2022. 31-43. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.544382.2484>

- 4 Бугаева И.В. Агионимы в православной среде: структурно-семантический анализ: монография. М., 2007. – 258 с.
- 5 Абдрахманов А. Топонимика и этимология. – Павлодар: Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова, 2010. – 240 с.
- 6 Койшыбаев Е. Словарь географических названий Казахстана. – Алматы: Школа. 198. – 256 с.
- 7 Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. - Алма-Ата: Издательство академии наук КазССР, 1963. – 185 с.
- 8 Bakytkazyevna, T. Gulden , Kurmashkyzy, R. Kyzdarkhan and Abdildaevna, Z. Aiman. Representativeness of Mythonyms and Theonyms in Language Corpora. *International Journal of Society, Culture & Language*, 12(1), 2024. – Pp. 374-395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288>
- 9 Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. -М.: Издательская фирма “Восточная литература” РАН.1996. – 254с.
- 10 Тохан Б. Словарь древних и редких слов казахского языка. – Алматы. ТОО РПБК. Эпоха. – 2021. – 464с.
- 11 Жанузак Т. Казахская ономастика.3. Топонимика. Алматы, 2019. – 390 с.
- 12 Nurdauletova B. RELIGIOUS TOPONYMS IN THE MANGISTAU TOPOAREAL. *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, Philology Series*, 2024 – Pp. 59-68. 10.55808/1999-4214.2024-2.06.
- 13 Сагындыкулы Б. Удивительные тайны Вселенной. Алматы: Наука, 1997. – 296 с.
- 14 Бияров Б. Словообразовательные образцы земноводных имен: монография. – Алматы: институт развития государственного языка, 2012. – 460 с.

Материал поступил в редакцию журнала 28.07.2024

Nomination system in regional sacral toponymy as national code

A. Karaman¹, O. Sapashev¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

Sacred places that reflect the spiritual values of a specific country or region represent an essential part of a nation's cultural heritage. These sacred names, embedded in the collective consciousness and national code of a people, are regarded as linguistic treasures that trace back through the depths of history. Through folk culture, we gain rich insights into these sacred place names—particularly hydronyms—by exploring their etymology, meanings, and historical significance.

Geographical names serve not only as markers of physical space but also as repositories of historical memory and cultural continuity. They embody the lived experiences, beliefs, and narratives passed down from generation to generation. The toponymic system includes names that reflect natural features (such as water sources and landforms), as well as those linked to historical events, daily life, and even enigmatic or sacred phenomena.

This article focuses specifically on toponyms with sacred and religious significance, examining how they manifest elements of the national cultural code. The study investigates the origins, semantic characteristics, and typological classifications of these toponyms, offering insights into the ways sacred naming practices preserve cultural memory and identity. By analyzing selected examples, the research highlights the symbolic, spiritual, and historical dimensions of sacred place names in the Kazakh context.

Key words: toponymy, hagio toponymy, semantics, etymology, sacred onomastics, theonyms, religious worldview, belief, national code.

REFERENCES

- 1 Ábdirahmanov A. Toponimika jáne etimologïa. [Toponymy and etymology] (Pavlodar, 2010).
- 2 Bakytkazyevna, T. Gulden , Kurmashkyzy, R. Kyzdarkhan and Abdildaevna, Z. Aiman (2024). Representativeness of Mythonyms and Theonyms in Language Corpora. *International Journal of Society, Culture & Language*, 12(1), 374-395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288>
- 3 Boranbay B.E., Kamisheva G.A., Oralova G.S., Tulebayeva A.T. THE SACRAL CONCEPT AND ITS INTERPRETATION. *Tiltanym*. 2023;89(1):73-79. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-73-79>
- 4 Biarov B. Jer-sý attarynyń sózjasamdyq úlgileri: monografia. [Word formation patterns of land and water names: monograph] (Almaty 2012). – 460 p.
- 5 Bugaeva I. V. Agionimy v pravoslavnoj srede: strukturno-semanticheskij analiz: monografija. [Hagionyms in the Orthodox Environment: a structural and semantic analysis: monograph] (Moscow, 2007).
- 6 Januzaq T. Qazaq onomastikasy.3. Toponimika. [Kazakh onomastics.3. Toponymy] (Almaty, 2019).
- 7 Konkashpaev G.K. Slovar' kazahskih geograficheskikh nazvanij. [Dictionary of Kazakh geographical names] (Alma-Ata, 1963).
- 8 Kulmanova, Z. Bekbulatovna , Zhirenov, S. Amanzholuly , Mashinbayeva, G. Abenovna , Orynbayeva, D. Gabitovna , Abitova, Z. Sabetkhanovna and Babaeva, K. Sabetovna (2022). Reflection of the Religious Worldview in Language. *International Journal of Society, Culture & Language*, 10(3), 31-43. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.544382.2484>
- 9 Murzaev Je. M. Tjurkskie geograficheskie nazvaniya. [Turkic geographical names]. (Moscow, 1996).
- 10 Nurdauletova, B.. (2024). RELIGIOUS TOPONYMS IN THE MANGISTAU TOPOAREAL. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, Philology Series. 59-68. [10.55808/1999-4214.2024-2.06](https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.06).
- 11 Qazaqstannyń kïeli oryndarynyń geografiyası: Tabıǵat, arheologıa, etnografıa jáne dinı sáylet óneri nysandarynyń tizilimi / Jalpy redaksiyasyn basqarǵan QR UǵA akademigi Baitanaev B.Á. —: Á.H. Marǵulan atyndaǵy Arheologıa institúty, - 1-shyǵarylym [The sacred geography of the places of the Kazakh: according to the object in the register, archaeologists, ethnographers are not religious architecture /by the Academician of the cauldron at the general editorial office of the Republic of Kazakhstan. The archaeologists of the Institute of A.N. Margulan – issue 1. – 904 p. (Almaty, 2017). - 904 b.
- 12 Qoıshybaev E. Qazaqstannyń jer-sý attary sózdigi. [Dictionary of geographical names of Kazakhstan] (Almaty, 1985).
- 13 Saǵyndyquly B. Ğalamnyń ǵajayıp syrlary. [Amazing mysteries of the Universe] (Almaty, 1997).
- 14 Tohan B. Qazaq tilindegi kóne jáne sırek qoldanystaǵy sózder sózdigi. [Dictionary of ancient and rare words of the Kazakh language] (Almaty, 2021).

Received: 28.07.2024